КОПИЯ/КӨШІРМЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 13 мамыр 4712-25-00-2/855іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты, құрамында:
төрағалық етуші судья А.О.Аташева,
сот отырысының хатшысы М.Джуматовтың қатысуымен,
ашық сот отырысында қойылған талап бойынша электронды азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігі Маңғыстау облысы полиция департаменті» мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Special Machinery Trader» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану
2.тұрақсыздық айбын өндіру туралы

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:

прокурор А.Дюсенова
талап қоюшы өкілі Б.Онгарова
жауапкер өкілі А.Артемов
аудармашы А.Қасымжанов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2024 жылы 26 тамызда тараптар арасында тауарларды мемлекеттік сатып алу туралы №240256/00 келісім шарты (әрі қарай -Шарт) жасалған.

Шарттың №1 қосымшасына сәйкес жауапкер Техникалық ерекшелікке сәйкес мамандандырылған, көлемі 3 м3 артық емес автокөлік (әрі қарай-Тауар) жеткізуі тиіс.

Техникалық ерекшелік бойынша жауапкер Шарт күшіне енген күннен бастап 120 күнтізбелік күні ішінде дейін тауарды жеткізуі тиіс.

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Шарттың жалпы сомасы 19 619 040 теңге.

Шарт қазынашылықта 28 тамыз 2024 жылы тіркелген.

Талап қоюшы сотқа жүгініп, жауапкер Шарт бойынша міндеттемесін орындамағанын көрсетіп, оны мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тануды және 98 095,2 теңге тұрақсыздық айыбын өндіруді сұраған.

Талап қоюшы өкілі сот отырысында талап қоюды қолдап, қанағаттандыруды сұрады.

Жауапкер өкілі сот отырысында талап қоюды мойындамай, Қытайдағы зауат өндірушіге автокөлікке тапсырыс бергенін. Ресейге қатысты халықаралық санкцияларға байланысты Қазақстаннан Қытайға тауар үшін төлем бойынша банктік төлемдер мұқият тексеріліп, кешіктіріліп жіберілген. Жауапкердің еркіне тәуелсіз мән-жайларға қарамастан, жауапкер тауарды жеткізу бойынша шарттық міндеттемелерді орындау үшін барлық күшін жұмсаған. 17 қаңтар 2025 жылы автокөлік Ақтау қаласына жеткізілгенін. Тапсырыс беруші автокөлікті қарауға және қабылдауға шығудан бас тартқанын көрсетіп, талап қоюды қанағаттандырудан бас тартуды сұрады.

Прокурор талап қою ішінара қанағаттандыруға жатады деген қорытындысын берді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

№1 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (әрі қарай - Азаматтық Кодекс) 386-бабының талабына сай шарт оны жасасқан кезден бастап күшіне енеді және тараптар үшін міндетті болып табылады.

Ал, осы Кодекстің 272-бабының талабына сәйкес міндеттеме-міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс, ал мұндай шарттар мен талаптар болмаған жағдайда – іскерлік қызмет өрісіндегі әдеттегі құқықтарға немесе әдетте қойылатын өзге де талаптарға сәйкес орындалуға тиіс.

Қазақстан Республикасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (әрі қарай- Заң) 12-бабының 4-тармағының 3) тармақшасына сай мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылардың тізілімі өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісінше орындамаған өнім берушілердің тізімін білдіреді.

Сот отырысында анықталғаны Шарттың 8.1. тармағы бойынша шарт күшіне енеді және 2024 жылдың 31 желтоқсанына дейін қолданылады делінген.

Шарттың №1 қосымшасына және Техникалық ерекшелікке сәйкес жауапкер тауарды 2024 жылдың 28 желтоқсанына дейін жеткізуге міндеттенген.

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 20.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 30.07.2025, судья Аташева А. О., 05.08.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Алайда, жауапкермен тауар Шарттың әрекет ету мерзімі өткенен кейін 17 қаңтар 2025 жеткізілген. Тапсырыс берушімен тауар қабылданбаған.

Бұл мән-жай тараптар арасында тауарды қабылдау туралы актісінің жоқтығымен расталады.

Жауапкер өкілі сот отырысында осы мән-жайды жоққа шығарған жоқ.

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай-АПК) 79-бабының 2-бөлігіне сай бір тараптың өзінің талаптарын немесе қарсылықтарын негіздейтін фактілерді екінші тараптың мойындауы алдыңғы тарапты осы фактілерді одан әрі дәлелдеу қажеттігінен босатады.

АК-нің 360-бабына сәйкес егер міндеттемеде кәсіпкердің тапсырысы бойынша әлдебір жұмысты орындау көзделсе, жұмыстың нәтижесін пайдаланудың мүмкін еместігі немесе оны пайдаланудың тиімсіз болу тәуекелі кәсіпкерге жүктеледі. Жұмысты тиісті дәрежеде орындаған адам, егер шартта өзге кәсіпкерлік тәуекелді бөлу көзделмесе, орындау дәрежесіне сәйкес ақы алуға құқылы.

Осыған орай, жауапкердің еркіне тәуелсіз мән-жайларға байланысты тауар жеткізілмеген деген уәждері негізсіз.

Заңның 12-бабының 4-тармағына сәйкес тапсырыс беруші өзіне өнім берушінің Қазақстан Республикасының мемлекеттік сатып алу туралы заңнамасын бұзу фактісі туралы белгілі болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей, осындай әлеуетті өнім берушіні немесе өнім берушіні мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап арызбен сотқа жүгінуге міндетті.

Талап қоюшы заңда көрсетілген мерзімде талап қою арызын сотқа жолдаған.

Істің мұндай тұрғысында сот, жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

№2 талап қою бойынша

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің 293-бабында борышқор міндеттемесін орындамаған немесе тиісінше орындамаған ретте, атап айтқанда, орындау мерзімін өткізіп алған ретте несие берушіге төлеуге міндетті, заңдармен немесе шартпен белгіленген ақша сомасы айып төлеу (айыппұл, өсім) деп танылады. Айып төлеу туралы талап бойынша несие беруші оған келтірілген залалдарды дәлелдеуге міндетті емес делінген.

Сонымен қатар, тараптар арасында жасақталған шарттың 7.3. тармағына сәйкес тауарды жеткізу мерзімін өткізіп алған жағдайда, Тапсырыс беруші Өнім берушіден ол міндеттемелерін толық орындамаған жағдайда мерзімі өткен әрбір күн үшін шарттың жалпысомасының 0,1 %

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 20.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 30.07.2025, судья Аташева А. О., 05.08.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

мөлшерінде тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады)не міндеттемелерін тиісінше орындамаған (ішінара орындамаған) жағдайда мерзімі өткенәрбір күн үшін орындалмаған міндеттемелер сомасының 0,1 % мөлшерінде тұрақсыздықайыбын (айыппұл, өсімпұл) ұстайды (өндіріп алады). Бұл ретте тұрақсыздық айыбының(өсімпұл) жалпы сомасы Шарттың жалпы сомасының 10 %-ынан аспауға тиіс.

Талап қоюшымен 98 095 теңге тұрақсыздық айыбы есептелген.

Сотпен тұрақсыздық айыбының мөлшері тексеріліп, шарт және заң талаптарына қайшы келмейтін анықталды.

Істің мұндай жағдайында, сот талап қоюшының мемлекет пайдасына тұрақсыздық айыппұлды өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылуға жатады деп табады.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігіне сай жауапкерден мемлекет пайдасына 4 909 теңге мемлекеттік баж өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып,сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Қазақстан Республикасының ішкі істер министрлігі Маңғыстау облысы полиция департаменті» мемлекеттік мекемесінің талап қоюы – қанағаттандырылсын.

«Special Machinery Trader» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

«Special Machinery Trader» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 98 095 (тоқсан сегіз мың тоқсан бес) теңге тұрақсыздық айыбы 4 909 (төрт мың тоғыз жүз тоғыз) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Апелляциялық шағым, прокурордың өтінішхаты – шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен бастап берілуі, ал сот талқылауына қатыспаған тұлғалар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Қазақстан Республикасы Азаматтық процестік кодексінің 403,404-баптарын сақтай отырып, Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Маңғыстау облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына беруі мүмкін.

Судья А.О.Аташева

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 20.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 30.07.2025, судья Аташева А. О., 05.08.2025

КОПИЯ/КӨШІРМЕ

Құжатқа қол қойылған: Аташева А. О., 20.05.2025

Заңды күшіне енген күні: 30.07.2025, Судья Аташева А. О., 05.08.2025

«ТӨРЕЛІК» АҚПАРАТТЫҚ ЖҮЙЕСІ
- Сот өндірісі -
- Судопроизводство -
ИНФОРМАЦИОННАЯ СИСТЕМА «ТӨРЕЛІК»